

## Республикалық меншіктің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 4 қыркүйек N 971

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 72 мекен-жайы бойынша орналасқан ғимарат "М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының теңгерімінен Жамбыл облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен және Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген ғимаратты қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.